



№2 Ішкі аурулар кафедрасы

**«ЕРЕСЕКТЕРДІҢ,
БАЛАЛАРДЫҢ
НЕФРОЛОГИЯСЫ»
РЕЗИДЕНТУРА**



Бүйрек аурулары туралы ДДСҰ-ң деректері



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының және халықаралық нефрологиялық ұйымдар мен бірлестіктердің мәліметтері бойынша, бүгінде бүйрек ауруымен ауыратын науқастардың саны әлем халқының шамамен 10%-ын құрайды және бұл көрсеткіш, өкінішке орай, өте жылдам өсіп келе жатыр. Бүйрек ауруларының ақыры көп жағдайда жиі өліммен аяқталып немесе ауыр созылмалы түрге ауысуда.



ДДСҰ-ң сарапшыларының бағалауымен, бүйрек ауруы жүрек-тамыр жүйесі және қант диабетімен қатар бесінші «өлтіруші ауру» болып танылған. Оның үстіне созылмалы бүйрек ауруы (СБА) үнсіз, баяу өлтіруші болып табылады. Өйткені, бүйрек аурулары ұзақ уақыт бойы өздерін ешқандай түрде көрсетпейді, адамдарда ешбір шағым болмағандықтан, дәрігерге баруға ешқандай себеп таппайды. Қазіргі таңда, жүрек-қан тамырлары аурулары бар әрбір төртінші науқаста бүйрек қызметінің бұзылуы байқалады.



Оқыту мақсаты

7R01141 «Ересектердің, балалардың нефрологиясы» мамандығының білім беру бағдарламасы медициналық көмек көрсетуде қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға, тәжірибеде және ғылымда алдыңғы қатарлы инновациялық технологияларды қолдануға және дамытуға қабілетті нефрология саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін пайдалана отырып, халықтың денсаулығын жақсартуды көздейді.

Клиникалық базалар



«Ересектердің, балалардың нефрологиясы» мамандығы бойынша резиденттер әртүрлі клиникалық базаларда: АМО, №2 ҚЕ, Облыстық патологиялық-анатомиялық бюро, «Асар»ММ, Облыстық балалар клиникалық ауруханасында білім алып, Ақтөбе қаласындағы жоғары сапалы және арнайы мамандандырылған нефрологиялық көмек көрсетілетін диализ орталықтарында тәжірибе алады.



Клиникалық базалар




Оқу процесі



Кәсіби дағдыларды меңгеру





Резидент-нефрологтар клиникалық нефрология мен диализдің өзекті мәселелеріне арналған конференцияларға қатысады. Сонымен қатар, ғылыми жұмыстармен айналысып және жұмыстардың нәтижелерін ғылыми конференцияларға ұсынып, баяндамаларын таныстырады.

